8. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

9. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

10. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

11. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 – 2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы», Балаларды ерте дамыту институты, 2022 жыл;

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

2023-2024 оқу жылында оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрықтары;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы, 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467, 2023 жылғы 05 шілдедегі . № 199 бұйрықтары;

- «2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023 жыл;

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу- ағарту министрінің 17.03.2023 ж. № 68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

- «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 – 2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы», Балаларды ерте дамыту институты, 2022 жыл;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі;

- Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы:

- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286

- «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;

- Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы.

(Бағаланатын кезеңдегі әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары, сабақ кестесі қоса берілді)

2021-2022 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1nmYQmcx71MQ2VTbzdsTVAh7K40X5bYZ/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1VTIgbyvuP1db_DS1jnJRz3_6CUTUBtoM/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1zi7w90djg25WkTdIG97F6E1W9Js1fE1Y/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1aQpaw16zX29_Cbupm4RviXgWxybbXOSc/view?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/18Fjxljw6U9K38L6WTWJbgmLAKv8W_Eyz/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1CLdCbfs9tjHibwCB_Mv0dL-h5Q2ETnHV/view?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылына оқушылардың апталық оқу жүктемесі:

Сыныптар	Инвариантты компонент	Вариативті компонент	Максималды оқу жүктемесі
1 «А» сынып	18.5	1	19.5
1«Ә» сынып	18.5	1	19.5
2 «А» сынып	22	2	24
2«Ә» сынып	22	2	24
3 «А» сынып	25	1	26
3«Ә» сынып	25	1	26
4 «А» сынып	25	1	26
4«Ә» сынып	25	1	26
5 «А» сынып	28	0,5	28,5
5«Ә» сынып	28	0,5	28,5
6 «А» сынып	28	0,5	28,5
6«Ә» сынып	28	0,5	28,5
7 «А» сынып	31	0,5	31,5
7«Ә» сынып	31	0,5	31,5
8 «А» сынып	32	0,5	32,5
8«Ә» сынып	32	0,5	32,5
9 «А» сынып	33	1	34
9«Ә» сынып	33	1	34
10 сынып	32	3	35
11 сынып	32	3	35

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй жұмысын ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып беріледі, 2 сыныпта 50 минуттан, ал 3-4 сыныптарда 1 сағат 10 минуттан (астрономиялық сағатта) аспайды.

1 сыныпта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейді. Кері байланыс сонымен қатар орындалған жұмыс нәтижесі бойынша түсініктемелер, рубрикалар, ұсыныстар арқылы мұғалім тарапынан жүзеге асырылады.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру кезінде бастауыш сынып мұғалімдері қоңырау соғылмай тұрып, сабақ барысында оқушыларға үй тапсырмасы туралы ақпарат беріп отырады; үй жұмысын орындауы бойынша нұсқаулық өткізеді; келесі сабақта үй тапсырмасындағы қателермен жұмыс жасалынып отырады.

Вариативті компонент-тереңдетіп оқыту бойынша қосымша курстар, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, олардың қабілеттерін, сондай-ақ оқушылардың кәсіби бағдарын дамыту құралы.

2021-2022 оқу жылы

Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті.

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

- «Абай әлемі» театрландырған үйірмесі;
- «Жұлдызай» вокал үйірмесі;
- «Балдаурен» хор үйірмесі;
- «Бала риторикасы»;
- «Логика әлеміне саяхат».

Негізгі орта білім берудің вариативтік компоненті:

Жаһандық құзыреттілік немесе тандау бойынша басқа курстар:

- 5 сыныптарда - «Парасаттылық және әдеп»;
- 6 сыныптарда - «Экология»;
- 7 сыныптарда - «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»;
- 8 сыныптарда - «Медиасауаттытылық»;
- 9 сыныптарда - «Зайырлылық және дінтану негіздері».

Элективті курстар:

- Қолданбалы қолөнер;
- Жобалау жұмысының негіздері;
- Робототехника;
- Тұрмыстағы химия;
- Абайтану негіздері.

Жалпы орта білім берудің вариативтік компоненті:

10 сынып

- Жаһандық құзыреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері)
- Элективті курстар:
- «Пікірталас алаңы» дебат курсы;
- Математикалық талдау;
- Графика және жобалау негіздері.

11 сынып

- **Элективті курстар:**
- Кәсіпкерлік бастамасы;
- Математикалық талдау;
- Өнеркәсіптегі химия;
- Тіршіліктану;
- Тарихи тұлғалар;
- Графика және жобалау негіздері.

2022-2023 оқу жылы

Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті:

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

- «Абай әлемі»;
- «Жұлдызай»;
- «Асыл сөз»;
- «Көркем жазу»;

- «Шахмат сырлары»;
- «Математика және логика»;
- «Ойна, домбыра».

Негізгі орта білім берудің вариативтік компоненті:

«Жаһандық құзыреттілік»

5-9 сыныптар үшін " Жаһандық құзыреттер бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика»; «Азаматтық және патриотизм»; «Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық»; «Тіршілік қауіпсіздігі»; «Экологиялық мәдениет»; 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану».

Жалпы орта білім берудің вариативтік компоненті:

- «Жаһандық құзыреттілік»

Элективті курстар:

- «Пікірталас алаңы» дебат курсы;
- «Тригонометрия»;
- «Химиялық эксперименттік есептерді шешу»;
- «Тарихи тұлғалар».

2023-2024 оқу жылы

Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті:

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

- Абай әлемі;
- Жұмбақтар сандығы;
- Робот техникасы;
- Шахмат сырлары;
- Математика өмірде;
- Математика және логика.

Негізгі орта білім берудің вариативтік компоненті:

«Жаһандық құзыреттілік»

5-9 сыныптар үшін " Жаһандық құзыреттер бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика»; «Азаматтық және патриотизм»; «Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық»; «Тіршілік қауіпсіздігі»; «Экологиялық мәдениет»; 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану».

Жалпы орта білім берудің вариативтік компоненті:

- «Жаһандық құзыреттілік»
- Элективті курстар:
- Физика есептерін шешу жолдары;
- Экологиялық этика;
- Химиялық эксперименттік есептерді шешу;
- Топография және картография.

Сыныптар	Оқушылар саны	Топқа бөлінетін пәндер
1 «А» сынып	20	
1 «Ә» сынып	19	
2 «А» сынып		цифрлық сауаттылық
2 «Ә» сынып		цифрлық сауаттылық

3 «А» сынып		шетел тілі, цифрлық сауаттылық
3«Ә» сынып		шетел тілі, цифрлық сауаттылық
4 «А» сынып	15	
4«Ә» сынып	15	
5 «А» сынып		
5«Ә» сынып		
6 «А» сынып	15	
6«Ә» сынып	14	
7 «А» сынып	15	
7«Ә» сынып	16	
8 «А» сынып	19	
8«Ә» сынып	18	
9 «А» сынып	24	информатика, шетел тілі, көркем еңбек
9«Ә» сынып	25	информатика, шетел тілі, көркем еңбек
10 сынып	20	информатика, шетел тілі
11 сынып	11	

Сыныпты екі топқа бөлу жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда бөлінеді. Біздің мектепте 2а, 2ә, 3а, 3ә, 9а, 9ә, 10 сыныптар топқа бөлінеді.

Әдістемелік жұмыстың және мектеп әкімшілігінің маңызды бағыты мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру болып табылады. Мектептің әдістемелік жұмысы пәндерді оқытудағы әдістемелік деңгейді арттыруға бағытталған негізгі жұмыс:

- берік білім беру, балаларды қоғам жағдайына бейімделуге үйрету, өз бетінше білім алу, қызығушылықты ояту, пәнді игеру, емтихандар, МОДО және ҰБТ тапсыруға дайындау;

- мектептің бірыңғай әдістемелік тақырыбы – «оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды және жүйелі-белсенділік тәсілін қолдану – білім беру процесінің тиімділігін арттырудың қажетті шарты»

Мектепте 5 әдістемелік бірлестік құрылған:

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі;
2. Қоғамдық - гуманитарлық пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі;
3. Жаратылыстану-математика пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі;
4. Өнертану мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі;
5. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі.

Мектептің әдістемелік жұмысы білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Әдістемелік бірлестік отырыстарында үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмыс жоспары, дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс, оларды іздеу, анықтау және дамыту - мектеп жұмысының маңызды аспектілерінің бірі, пәндік апталарды өткізу және ашық сабақтар өткізу бойынша жұмыс жоспары жасалады. Ашық сабақтар өткізу ұзақ және күшейтілген дайындықты талап етеді, педагогикалық тәжірибені насихаттау болып

табылатын белгілі бір кафедраның, әдістемелік бірлестіктердің барлық мұғалімдерінің қатысуын көздейді.

Өткен ашық сабақтардың барлығы әдістемелік бірлестік отырыстарында талқыланып, талданады. МӘБ отырыстарында пән қызметкерлерінің жұмыс тәжірибесі жинақталады, жұмыстың қорытындысы шығарылады.

Педагог мамандармен екі облыстық Воркшоп өткізілді:

1. «Сыни тұрғыдан ойлау элементі» 2022 жыл;
2. «Саралап оқыту элементі» 2024 жыл;

Облыстық "Зейін" жобасы аясында ашық сабақ мастер-класс:

1. «Оқушылардың шығармашылық білім дағдысын дамытудағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы тиімді тәсілдер», 2022 жыл. Мектеп бойынша мұғалімдердің максималды педагогикалық жүктемесі 25 сағат.

Мектепшілік бақылау маңызды басқару функцияларының бірі болып табылады. Біздің мектептегі мектепшілік бақылау жоспары ашық құжат болып табылады, ай сайын жоспардағы іс –шаралар, ашық сабақтар, мінез-құлқына, үлгерімінің төмендігіне, басқа да себептерге байланысты бақылауға алынған оқушылармен сабақтар таңдалады және мұғалімдер ұжымы үшін жарияланады. Сондықтан пән мұғалімдері қай сыныпқа ерекше назар аудару керектігін, қай сыныппен қосымша жұмыс істеу керектігін, қай пәнге сабаққа бару керектігін біледі.

Мектепшілік бақылау оқу-тәрбие процесін үйлестіруді жалпы мемлекеттік талаптарға (нормативтерге) және оқушы мен педагогтың дамып келе жатқан тұлғаларының сұраныстарына сәйкестігін зерделеу және талдау мақсатында мектебімізде жүзеге асырылады.

Оқыту процесінің және білім алушының оқу жетістігінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылауды күшейтеміз.

Оқу процесін ұйымдастыру мен мектепшілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін мектеп әкімшілігі бақылау нормативтерін қатаң сақтайды.

Сабақты бақылау, зерттеу мен талдау оқыту процесін жақсартудың, педагогтың кәсіби өсуі мен дамуының, білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады. Осы мақсатта lesson study сыныптағы және ұжымдық іс-әрекеттегі зерттеулер – сыныпты және мұғалімнің өзін және шәкірттерін жете тануына, мақсат қоя жұмыстану арқылы кәсіби жетілуіне бағыт сілтейтін құралдар десек болады. Білім сапасы – басты көрсеткіш десек, сол білім сапасын арттыру мақсатында қолданылады. Lesson Study сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study негізгі пәндер бойынша келесі мақсаттарды қамтиды:

- оқушылардың білім деңгейін көтеру.
- оқыту әдістемесін жетілдіру.
- оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу

Мектеп әкімшілігінің сабақтарға қатысуы алдын ала дайындалған, білім беру ұйымының басшысы бекіткен жоспар және міндетті түрде ақпараттақтасына орналастырылған кесте бойынша жүзеге асырылады;

Педагогтардың кәсіби өсуі мен дамуы үшін нақты әдістемелік көмек көрсету мақсатында жоспарсыз сабаққа қатысу іске асырылады;

Мектеп әкімшілігінің сабаққа қатысу нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талданып, бақылау парақтарында, сабаққа қатысу журналында тіркеледі;

2021-2022, 2022-2023 оқу жылының мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Үздіксіз білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың, және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін - өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Міндеттері:

- Денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- Балаларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- Өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру;
- Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау;
- Балалардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алат(ын дағдылар қалыптастыру);
- Отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Тәрбие жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесі құжаттардан тұрады:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі;
- 4) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) Қазақстан Республикасының «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі №169- VI Заңы;
- 7) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Мектептің дәстүрлі іс-шаралары:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы күні
- Білім күні
- Қазақстан халқы Тілдер мерекесі
- Мұғалімдер күні
- Қарттар күні
- Тәуелсіздік күні
- Жаңа жыл мерекесі
- Халықаралық әйелдер күні
- Алғыс күні
- Ұлыстың Ұлы күні Наурыз
- Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- Отан қорғаушылар күні
- Жеңіс күні
- Соңғы қоңырау
- Балаларды қорғау күні
- Мемлекеттік Рәміздер күні
- Мектеп президенті мен Парламент құрамын сайлау
- Мектепке жол» акциясы
- Қарттар күні
- Ерлік сабақтары
- «Адал ұрпақ» клубының қызметі, клубтың үгіт бригадасы

- «Жас Ұлан», «Жас қыран» қатарына қабылдау
- Әскери-патриоттық тәрбие айлығы
- «Ұлан» әскери-спорттық ойыны

Тәрбие жұмысының құрылымдық бөлімшелері .

Мектептің тәрбие жұмысы келесі құрылымдық бөлімшелердің мақсатты жұмысы негізінде құрылды:

- Медициналық қызмет
- Психологиялық қызмет
- Әлеуметтік қызмет
- Сынып нұсқаулығы
- Қосымша білім
- Жобалық қызмет
- Дене тәрбиесі қызметі
- Ата-аналар қоғамы
- Қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, Әкелер кеңесі, Аналар

кеңесі арқылы ата-аналармен бірлескен жұмыс

- өзін - өзі басқару органы
- мектеп парламенті, балалар өкілдігі
- Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес.

Мектептегі тәрбие жұмысы нормативтік-құқықтық актілердің, нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және оқушылардың жеке жетістіктерін барынша ашуға, білім алушылардың тәрбие деңгейін арттыруға бағытталған. Барлық жұмыс тұлғаға бағытталған өзара іс-қимыл принципі бойынша құрылады. Әр оқу жылы ішінде мектептің тәрбие жұмысының өзекті тақырыбы, мақсаттары, міндеттері таңдалады.

Мақсаттарды іске асыру үшін тәрбие қызметінің мынадай міндеттері тұжырымдалды:

1) оқушыларды әлеуметтік, моральдық тұрақты, шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға және сауықтыруға бағытталған қосымша білім беру жүйесіне тарту;

2) экскурсиялық қызмет арқылы оқушыларды өз халқының, өз елінің тарихына, мәдени мұрасына баулу;

3) рухани бай, адамға лайық өмір құруға қабілетті тұлғаның еркін дамуы үшін қолайлы орта құру үшін ата-аналардың мұғалімдермен өзара іс-қимылы;

4) іс-шараларға қатысу арқылы мектептің қалалық және облыстық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысу нәтижелілігін арттыру;

5) мектептің тәрбие процесінің тиімділігі үшін сынып жетекшілерінің қиындықтарын ескере отырып, АТҚ жұмысын ұйымдастыру;

б) сынып жетекшілерінің тәжірибе алмасу және түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысу жөніндегі жұмысын жандандыру;

7) ата-аналар жұртшылығы мен педагогикалық ұжымның бірлескен қызметін күшейту;

Тәрбие жұмысын басқару және бақылау

1. Педагогикалық кеңес 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында педагогикалық кеңестерде талқылауға шығарылған орындалған тәрбие іс-шаралары, баяндамалар мен баяндамалар арқылы басқару және бақылау

келесідей: «Рухани жаңғыру» республикалық бағдарламасын іске асыру барысында мектептің тәрбие жүйесін жаңарту.

2. Директор жанындағы кеңестер

Директор жанындағы мәжілістерде және сынып жетекшілерінің ӘБ отырыстарында отбасылық тәрбиенің рөлін күшейту мәселелері қаралды. Осы мәселе бойынша баяндамамен келесі отырыстар өткізілді: «Мектептің, ата-аналар қоғамының «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын тәрбиелеу жөніндегі бірлескен қызметі. Сондай-ақ, директор жанындағы кеңестепатриоттық тәрбие, елдің мемлекеттік рәміздеріне Қазақстанның Туын, Әнұранын, Елтаңбасын құрметтеу, мемлекеттік тілді құрметтеу және оны педагогикалық ұжымның барлық мүшелері саналы түрде зерделеу мәселесі әрқашан басты назарда болады. Парасатты тұлғаны тәрбиелеу мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Бұл бағытта қоғамдық бірлестіктермен және өкілдерімен бірлескен семинарлар мен дәрістер өткізілді.

Құқық бұзушылықтың алдына мақсат қоюдың құқық бұзушылықтың алдына шығу кеңесіндегі оқушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық әлауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, оның ішінде девиантты мінез-құлыққа байланысты мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады; білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бейінді және кәсіби өзін-өзі анықтауда көмек көрсетеді; білім беру ортасы жағдайында педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық мәдениетін қалыптастырады және білім беру процесіне қатысушылар арасында толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің аутодеструктивті және девиантты мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жай-күйіне психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді, психологиялық көмек көрсету үшін психологиялық-педагогикалық қорытынды мен ұсынымдар жасайды;

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып дамыту бағдарламаларын әзірлейді;

әртүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары түрінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

дарынды білім алушыларға психологиялық қолдауды жүзеге асырады;

білім беру іс-әрекетіндегі қиындықтарға байланысты психологиялық проблемаларды шешуде білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, педагогтерге, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультациялық көмек және психологиялық қолдау көрсетеді;

педагогикалық ұжымға, сондай-ақ білім алушылардың және тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелері бойынша ата-

аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге ұсынымдар әзірлеу мақсатында ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізеді;

белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;

педагогика, психология және психотерапия бағыттары бойынша кәсіби құзыреттілікті үздіксіз арттырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістері мен технологияларын қолданады;

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу-танымдық іс-әрекетіндегі қиындықтарды жеңу бойынша ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады;

кәсіби қызмет барысында білім беру қызметінің психологиялық-педагогикалық принциптерін басшылыққа алады;

білім алушылардың жас ерекшеліктерін және келіп түсетін сұраныстарды ескере отырып, диагностика жүргізу үшін жол берілетін әдістер мен әдістемелерді айқындайды;

жалпы білім беру бағдарламаларын игерудегі психологиялық, әлеуметтік немесе физиологиялық қиындықтардың себептерін саралайды;

білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының ерекшеліктеріне психологиялық зерттеу жүргізеді, психоэмоционалды жай-күйін және оны тұрақтандыру мүмкіндіктерін талдайды;

жеке немесе топтық түзету, дамыту және мотивациялық сабақтар немесе тренингтер өткізеді;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу-танымдық қызметі мен әлеуметтенуіндегі өзгерістер динамикасының мониторингіне қатысады;

білім алушы мен тәрбиеленушінің оқу-танымдық қызметіндегі және әлеуметтенуіндегі қиындықтарды еңсеру бойынша білім беру ұйымының өз ішінде және одан тыс тиісті бейіндегі мамандармен өзара іс-қимыл жасайды.

«Девиантты балалармен жұмыс», Филипс бойынша «Балалардық мазасыздығы анықтау», «Мазасыздықты бағалаудың жеке шкаласы» бойынша ППМАЖ-де сауалнамалар жүргізілді. Сауалнама қорытындысы негізінде қабылданып жатқан іс-қимылдарды нақтылау жөніндегі кеңес өткізілді. Кеңесте сондай-ақ отбасындағы, мектептегі қарым-қатынас мәселелері, жасөспірімдер арасындағы қорқыту мәселесі, ата-аналардың жауапкершілігі, жыныстық қол сұғылмаушылық тақырыбын беру мәдениеті және т. б. қарастырылды. Салыстырмалы талдау, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында педагогикалық кеңесте/директор жанындағы кеңестерде, әдістемелік бірлестік отырысында, профилактикалық кеңесте тыңдалған баяндамалардың, талқыланған сөз сөйлеулердің, орындалған іс-шаралардың тиімділігін анықтау.

Тәрбие процесін жоспарлау ерекшеліктері.

Оқу жылына арналған тәрбие процесін жоспарлау:

- өткен жылдың қорытындысын талдауды ескере отырып, педагогикалық ұжымның ерекше назарын талап ететін мектеп үшін тәрбиелік міндеттер айқындалады;

- мұғалімдердің тәжірибесі мен біліктілігін, балалар контингентінің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Сынып жетекшілері мектеп жоспарына, оқушылардың қызығушылықтары мен мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкес оқушылар ұжымдарымен жұмыс жоспарын жасайды. Жоспарға жалпы мектепшілік іс-шаралар, сыныптың дәстүрлі шаралары, атаулы күндерге арналған мерекелер кіреді.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм», «Қазақ елі менің - Отаным», «Ұлттық өрлеудің ұлы күні – тәуелсіздік», «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран!» тақырыбында суреттер байқауы, сынып сағаттары, челленджер, суреттер байқаулары, дебат турнирлары және ҰОС арналған патриоттық айлық шаралары өткізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша мектептің дәстүрлі шаралары Ұстаздар күні «Ұстаздарға мың тағзым» мерекелік шаралар, хаттар поштасы, Рухани келісім күніне орай «Адамгершілік неммен өлшенеді?» тақырыбында тәрбие сағаттары, тақырыптық тәрбиелік шаралар, Қарттар күні дәстүрлі шарамыздың бірі-иектеп оқушылары Топар кентінің ардагерлерін құттықтап, тәтті сыйлықтарын сыйлап, құрметтерін білдіреді. 1-наурыз «Алғыс күні» ерекше аталып өтіледі, алғыс хаттар поштасы ұйымдастырылады.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша ата-аналар жиналыстарын түрлі форматта өткізілді. Ата-аналар мен пән мұғалімдері арасында диалогтік алаң ұйымдастырылды. Халықаралық Отбасы күніне орай «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Әкешім, анашым, сіздерге айтарым бар» хаттар жәшігі, «Ашық есік» күндері ұйымдастырылады. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаларды тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің «Әкелер Кеңесінің» төрағасы Ербол Бейсембайұлы 8-9-сыныптың ұл балаларымен «Адамгершілік- рухани тәрбиенің негізі» тақырыбында кездесу ұйымдастырды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Дұрыс таңдау жасай біл!» , «Қуат көздерін үнемдейік!», «Табиғатқа қамқорлықпен қарайық» тақырыбында ақпараттық сабақтар, тәрбиелік шаралар ұйымдастырылады. Бұл бағытта Оқушылардың Өзін-өзі басқару ұйымының «Экология» фракциясының оқушылары тақырыптық шаралар, сенбіліктер ұйымдастырады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша Әдептілік қағидаларын меңгерте отырып, зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға шақыру. Салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру. Электронды темекінің зияны мен салдарын түсіндіру мақсатында жоғары сынып оқушыларымен

«Зиянды әдеттерге жол жоқ!» тақырыбында ақпараттық сағаттар ұйымдастырылды. Оқушыларды спортқа дене шынықтыру сабақтарына қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу мақсатында үлкен үзілісте оқушылар үшін шашки, тоғызқұмалақ ойындары бойынша үзілістер ұйымдастырылды. Тек оқушыларымыз ғана емес, ата-аналар да белсенді қатысуда. Дене шынықтыру пәні апталығы аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері апталық шаралар ұйымдастырды. 7-сәуір Дүниежүзілік Денсаулық Фестиваліне орай мектепте флешмоб, спорттық шаралар ұйымдастырылды. Мектептің күнделікті шараның бірі- музыка әуенімен таңертенгі жаттығу орындалады.

Ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі бағыты бойынша Көрісу күні-айтулы ұлы күн Наурыз мейрамының бастауы ретінде тойланады. Оқушыларды қазағымыздың салт - дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге сыйластыққа баулу мақсатында 14 наурыз-Көрісу күні өткізілді. Наурыз мерекесіне орай оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының фракция мүшелері мектептің «Жасыл Ел» бұрышына бөлме гүлдерін сыйлық ретінде тарту етті. Мектептің Өзін-өзі басқару ұйымының Спорт министрі үзілістерде ұлттық ойындардан жарыстар ұйымдастырды. Наурыз мерекесі қарсаңында Мектептің Өзін-өзі басқару ұйымының министрлары таңертенгілік жаттығуды Қара жорға биімен бастап отырды.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша «Өзін-өзі басқару» ұйымының мектепшілік шараларға ат салысуы, ерекше белсенділіктерін, яғни, мектепшілік, рейдтер, кездесу кештерін ұйымдастыруын атап өтуге болады. Мектептің ерекше шарасы-оқу жылының соңында жетістікке жеткен ең үздік оқушылар дәстүрлі «Қызыл жолмен өту» рәсіміне қатысады.

Мектептегі ата-аналар кеңесі:

- Қамқоршылық кеңесі;
- Аналар кеңесі;
- Әкелер кеңесі;
- Ата-аналар ұйымы.

Осы жоғарыда көрсетілген топ мүшелерімен үнемі жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Оқу-білім, тәрбие үрдісімен қатар мектеп пен ата-аналар комитетітіығыз байланыста. Мектептің әлеуметтік педагогы мен психологы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты және жекеленген отбасылардағы әлеуметтік жағдайға байланысты маңызды жұмыстар жүргізеді.

Білім алушылардың бәрі мектеп қабырғасында «Жас қыран», «Жас Ұлан» ұйымдарына мүше Мектеп оқушыларының балалар-жасөспірімдер спорттық мектебіне жаппай қызығушылық танытуы-ертеңгі күнгі салауаттылықтың негізі.

Жалпы мектеп оқушыларының әлеуметтік құрамын (аз қамтылған, көп балалы, қамқорлықтағы балалар т.б.) анықтау мен қажет жағдайда әлеуметтік және педагогикалық – психологиялық көмек көрсету мақсатынды үнемі үздіксіз жұмыс жүгізіп отырамын. Керек жағдайда толық мәліметтер қажетті орындарға жіберіліп отырады. Осы орайда балаларды әлеуметтік топтарға жүктей отырып,

әр топтың өзіне тән жұмыстары жүргізледі. Өмірде түрлі қиын жағдайларға душар болып, әлеуметтік, психологиялық қолдауды қажет ететін балалармен мамандар жақын қарым-қатынасты ұстап, көзден таса қылмауға тырысады. Жоғарыда айтылған мақсатта мектепте «Қамқорлық кеңесі», «Аналар кеңесі», «Әкелер кеңесі» жұмыс жасайды. Осындай жұмыстардың арқасында түрлі мәселелердің алдын алуға болады. Отбасында қиындық туындаған балардың үйіне үнемі барып, АКТ жасалып отырады.

Мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында жыл сайын біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітіледі. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес құрамында 10 адам бар. Кеңес төрайымы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралған. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын- алу және де құқық бұзушылықпен күресуде көмек көрсету мақсатында мектебімізде «Полицияға Жәрдемдесу Жедел Тобы» құрылды. Мектепте наркологиялық бекеттер жұмыс істейді. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде спорттық үйірмелер жұмыс істеп, оған оқушы тартылып отыр.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр. Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмілетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түскен. Мысалы, қалалық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ.

«Адал ұрпақ» қозғалысының жұмысы

Оқушылардың бойында өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие қалыптастыру мақсатында 5-10 сынып оқушылары арасында Адалдық сабақтары өткізілді. Мектептің «Тәртіп және құқық» фракцияның оқушылары «Адалдық-адамгершілік бастауы» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастырды. 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күні орай оқушылардың бойында өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие қалыптастыру мақсатында 7-10 сынып оқушылары арасында Адалдық сабақтары өткізілді. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының «Тәртіп және құқық» фракция оқушыларының «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастырды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өнегелі өмір» жобасы және 2020 жыл Еріктілер жылы аясында “AZAMAT” қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қарағанды облысы “Birgemiz bilim” жалпы ұлттық жобасының басшысы Рахымбек Дәурен Берікбайұлымен;

Абай атындағы тірек мектебінің мақтаныш түлегі «ArcomPro-LRT» компаниясының инженер-жобалаушы маманы, Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университетінің 2-курс магистранты Сыдық Өркен Тусупханұлымен;

«Халықаралық «Шабыт» Фестивалінің лауреаты, журналист, диктор Асылбек Тойбекпен;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінің жетекші маманы Ахманова Айнұр Болатқызымен;

Абай атындағы тірек мектебінің түлегі, Абай ауданының ПБ тергеу бөлімінің тергеушісі полиция аға лейтенанты Айтуова Айгерім Талғатовнамен; Абай атындағы тірек мектебінің түлегі, Варшава университетінің магистранты, Даниялық жел турбиналарын өндіруші «Vestas» жетекші компаниясының сатып алу бөлімінің маманы Жумадильдина Диана Серікқызымен; Диана Серікқызымен;

Абай атындағы тірек мектебінің түлегі, «Нұр Отан» партиясы «Байқоңыр» аудандық филиалы төрағасының орынбасары, заң ғылымдарының магистрі Шарипжанов Айдос Серғиевичпен;

Абай ауданының мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қазақ күресінің жаттықтырушысы, қазақ және еркін күрес спорт шебері, қазақ күресінің ҚР жоғарғы санаттағы ұлттық төрешісі Төлепберген Канатпен сұқбат ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылы құндылыққа негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасымен» бастау алды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны

сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Тәрбие жұмысы ұлттық құндылықтар:

- *ұлттық мүдде*

- *ар-ұят*

- *талап*

Ұлттық құндылықтар: ар, ұят, талап бағыттары бойынша 1-ші жартыжылдықта бекітілген жоспар бойынша тәрбие сағаттары, тақырыптық шаралар, көрмелер, шығармашылық байқаулар, мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

Жаңартылған білім бағдарламасына сай «Даналық мектебі» ата-аналар қоғамымен жұмыс атқарылып жатыр. Мектебімізде «Өсиет» аталар мектебі, «Гибрат» әжелер мектебі, «Ұлағат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі, «Қаһарман» ұлдар және «Тұмар» қыздар клубы жұмыс жасайды. Сонымен қатар мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылды. Ұйымдардағы ата -аналар, оқушылар мектепішілік іс-шараларға белсене қатысып, өз үлестерін қосып және ұстаздардан көмек-қолдау алып отырады. Мектеп ұстаздары ата-аналарды Педагогикалық қолдау жоспары бойынша әртүрлі кездесулер, арнайы тренинг сабақтарды, логикалық ойын сауықтыру, пікірталас, викториналық сабақтар өткізіп, оқушы, мұғалім, ата-ана сабақтастық қолдау қарым қатынас жұмыстарын өткізіп жүреді. Әр клубтың өзіндік міндеті, жоспары бар.

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады. «Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;

- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;

- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата - ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Клуб отырыстарының тақырыбын айқындау кезінде еліміздің мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында міндетті түрде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену қажет.

Қосымша білім

Тәрбие процесін оңтайландыру және баланың жеке басын толыққанды дамыту жолдарының бірі - қосымша білім беруді ұйымдастыру-балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелер.

Қызығушылық үйірмелері мақсатпен ұйымдастырылады:

- зияткерлік даму үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

- оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділігі мен дарындарын қанағаттандыру;

- өзін-өзі тәрбиелеу және шығармашылық еңбек;

- физикалық даму; - ақылға қонымды демалыс, демалыс және ойын-сауық.

Үйірмелердегі сабақтар нақты міндеттерді шешуге ықпал етеді:

- тәрбиеленушілердің тұлғалық-адамгершілік дамуы мен кәсіби өзін-өзі анықтауы;

- әлеуметтік қорғауды, қолдауды, оңалтуды және қоғамдағы өмірге бейімделуді қамтамасыз ету;

- балаларда азаматтыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, Отанға, табиғатқа, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

- балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін барынша толық қанағаттандыру, олардың денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау.

Үйірмелердің жұмысы мектеп директоры бекіткен бағдарламалар, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Үйірме басшысының құжаттамасына мыналар кіреді:

- үйірме басшысының жұмысын есепке алу журналы;

- күнтізбелік - тақырыптық жоспарлаумен үйірменің жұмыс бағдарламасы.

Барлық үйірме басшыларының жұмыс жоспарлары бар, сабақ журналдарын жүргізеді және балалардың сабаққа қатысуын есепке алады.

2021-2024 оқу жылындағы оқушылардың спорттық, сыныптан тыс жарыстардағы жетістіктері.

Оқу жылдары	Спорттық және сыныптан тыс жарыстар		
	республикалық	облыстық	аудандық
2021-2022	3	4	15
2022-2023	3	7	25
2023-2024	2	6	20

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру оқу - тәрбие жұмысының құрылымындағы бағыттардың бірі болып табылады. Осыған орай мектепте ағымдағы оқу жылына мектептің жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрастырылды.

Мақсаты:

- Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру; оқушылардың мамандық таңдау үдерісіне тұлғаның қызығушылығы мен қабілетін еңбек нарығындағы қажеттіліктерді ескере отырып оңтайландыру.

- Оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету.

- Оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.

- Қоғамда сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау.

Осы мақсат аясында алдымен 7-11 сынып оқушыларының тізімі анықталды.

9,11 сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби бейімділігін зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс, сауалнамалар жүргізілді. Мамандық таңдау бойынша оқушыларға видео – роликтер көрсетілді. Осы видео - ролик бойынша оқушылар өзара пікір – талас өткізді. Оқушылардың кәсіби қалауының салалары, сондай - ақ жеке тұлғалық ерекшеліктері анықталды. «Мың мамандық бар, таңдап, талғап бірін ал!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Мектебіміздің педагог - психологтары біріге отырып, ата - аналар жиналысында «Жасөспірімдерді мамандық таңдау және өзін - өзі анықтау үрдісінде ата - аналардың рөлі» атты тақырыпта сауалнама алынды.

Сондай – ақ, пән мұғалімдері, сынып жетекшілерімен қатар ата - аналар да қол ұшын созуда. Көптеген ата - аналар өз балаларының болашақ мамандығын таңдауда баласының білімін, қызығушылығын немесе таңдалған мамандығының еңбек нарығындағы сұранысын ескермей кәсіптік бағыт береді. Сондықтан да мектептің ата - аналармен жұмыс жоспарында кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша әр түрлі ағартушылық шаралар орын алуда. Ол ата - аналар жиналыстарында түрлі тренингтер, әлеуметтік, психофизиологиялық сауалнамалар, әңгімелер, дәрістер ұйымдастыру арқылы ата-аналардың балаларына кәсіби бағыт беру туралы көзқарасына, ұстанымдарына әсер етуде. Осыған орай ата - аналар жиналысынан басқа, оқушыларға болашаққа деген көз қарастары мен ойларын біліп, шешім қабылдауға көмектесіп, бағыт бағдар беру мақсатында оқушылармен кәсіптік білім берудің әр – түрлі бағытын қамти отырып түрлі дәрістер, тренингтер, дебаттар өткізілуде. Осындай шаралар барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, емін еркін талқылап тәжірибелерімен бөлісіп отырады.

«20 қараша - Бүкіләлемдік балалар күні», «Барлық әлем мен үшін» тақырыбында шаралар өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға құқықтық білімнің негізін түсіндіру, жас балалар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, адамзат құндылығын, жеке бас бостандығын сыйлауға, өз құқықтары мен

міндеттерін білуге тәрбиелеу. Келесі кезең ойын алаңы деп аталады. Бала өмірге келе салысымен өзіне есім және азаматтық алуға құқылы. «Есімдер» ойыны ойнатылды. Оқушы өз есімімен бірге сол әріптен басталатын сын есімді қосып айтады. Мектептің өзін - өзі басқару ұйымы парламент мүшелері оқушылармен шаттық шеңберінде викториналық суретті сұрақ - ойындар өткізді.

5-6 сыныптар арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ұлттық ашық ойындар өтті. Мақсаты: балаларды халықтық ойындар мен көңіл көтеру арқылы халықтық мәдениетке баулу. Міндеттері: халық ойындарына деген қызығушылықты қалыптастыру. Өзбетінше ойнау дағдыларын бекіту. Физикалық қасиеттерді дамыту (ептілік, төзімділік, жылдамдық, күш, секіру). Халық ойындарына деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Балалар "Мерген", "Аңшылар", "Жаяутартыс", "Орам" ойындарын үлкен қызығушылықпен ойнады. Балалар жылдамдықты, ойлауды, қырағылықты, қиялды байытуды көрсетті. Жарыс барысында балалар көптеген жағымды эмоциялар алып, жаңа ұлттық ойындарды үйренді.

"Шамшырақ" дебат клубының мүшелері арасында Тәуелсіздік күні қарсаңында Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау мақсатында "БП Желтоқсан құрбандарын білмейтін оқушылардың барына өкінеді" атты мектепшілік дебат турнирі өтті. Турнир барысында қарар жан-жақты талқыланып, ойларын ортаға салып, өздерінің жеке пікірлерін білдірді. Әр команда спикерлері өз көзқарастарын дәлелдей отырып, тартысты ойын өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. "Тәуелсіздіктің сырлы бояулары" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. 5 -11 сынып оқушылары арасында "16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне" арналған салтанатты жиын өткізілді. Өзін - өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып флешмоб биін биледі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру сипатындағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылуына орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта «Адалдық сағаттары» ұйымдастырылды.

1-4 сынып оқушылары арасында Жаңа жылдық шырша мерекесі өтті. Бұл шараның мақсаты: жаңа жыл мерекесінің ертегі атмосферасын құру, балаларға қуаныш сыйлау, жағымды эмоцияларды ояту. Мерекелік шаралар үлкен дайындық жұмыстарынан басталды, яғни сынып жетекшілері балалармен тақпақ, ән, жаңа жылдық би биледі. 3-4 сыныптың жауапты мұғалімдері қызықты сценарий құрастырды. Балалар қойылымға киініп, көңілді келді. Ертегі кейіпкерлері ертеңгілік барысында балаларды ертегінің сиқырлы әлеміне алып кетті. Жаңа жылдық қойылым кезінде мерекелік атмосфера оқушылардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтерді. Жаңа жылдық қойылымнан кейін әр бала Аяз-ата қоржынынан тәтті сыйлық алды. Суық келді, яғни қысқы белсенділік маусымы келді. Дәстүр бойынша мектебімізде мұз айдыны құйылып, қысқы маусымға шаңғы дайын. Балалар қысқы демалыста және сабақ уақытында қысқы спорт түрлерімен айналыса

алады. Сондай-ақ, бұқаралық шаралар мен жаппай коньки тебу ұйымдастырылды.

Мектебімізде 5-7 сыныптар арасында да Жаңа жыл мерекесі өткізілді. Мереке қарсаңында мектеп холлы әсем безендіріліп шырша құрылды. Мерекелік бағдарлама барысында жаңа жылдық көріністер қойылып, көңілді флешмоб өткізілді. Оқушылар қызықты қойылымдар тамашалап, ән айтып, би биледі. Аяз ата мен ақшақар оқушыларға арнайы тәтті сыйлықтар таратып, жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады.

Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі. «Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек. Осыған сәйкес оқушыларға бұндай жағдайдың алдын алу мақсатында оқушыларды өз құқықтарымен таныстырып, зорлық көрсетілген жағдайда қандай жазалар қолданылатыны жайында ақпарат беру үшін мектеп оқушыларымен сынып сағаттары, түсіндірме жұмыстары өткізіліп отырылады. Мектеп оқушылары тек зорлық-зомбылықтың түрлері ғана емес одан қалай қорғану жолдарында білуі керек. Сол себепті «Қатігездіктен қорғану құқығы мен жолдары» тақырыбында психологиялық ағарту сағаттары өткізілуде.

Абай атындағы тірек мектебінде (РО) Ауғанстан жерінен Кеңес әскерінің шығарылуына 35 жыл толуына орай соғыс ардагерлерімен кездесу кеші өтті.

Кештің мақсаты ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету, жат жерде көз жұмған жерлес азаматтарды еске алу және мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру болып табылады.

Кездесуге өмірінің өлшеулі бір бөлігін, жалындаған жастық шағының жартысын оқ пен от арасында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан интернационалист-жауынгерлер, атап айтқанда Карымсаков Каиржан Мукатаевич, Батрашев Жанат Салькенович, Айвазян Вагинак Серожович, Кравец Алексей Григорьевич, Привалов Вячеслав Михайлович. Ауғанстан жазылмас жан жарасына айналды. Ауған соғысы он екіде бір гүлі ашылмаған боздақтардың қанымен жазылған тарих деп біледі кейінгі жас буын өкілдері. Жылдар жылжып өткенімен, ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Сондықтан да жас буынға ауған ардагерлерінің өжеттігін үлгі ету, ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу әрқайсымыздың қасиетті борышымыз.

Білім алушыларға «1 наурыз- Алғыс айту күні» мерекесінің мәні туралы түсінік беру және ризашылық пен алғыс, сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында сурет көрмесі, сынып сағаттары, топтық жиындар өткізілді. Төтенше жағдайлар кезінде алдын алу жолдарын түсіндіру мақсатында мектеп оқушыларымен ашық сабақтар мен ақпараттық сағаттар өткізілді.

Жоғарыда өткізілген шараларды вожатыйлар, сынып жетекшілері, кітапханашы, әлеуметтік педагог, педагог – психологтар бірігіп, мектеп президенті «Жас Ұлан», «Жас Қыран», өзін – өзі басқару ұйымындағы 8 фракция жетекшілерімен бірлесе отырып жоспар құрып, сыныптан тыс шараларды ұйымдастырады. Барлық мектеп оқушыларын қамти отырып, жоспар бойынша

әр түрлі шаралар өткізуге ат салысуда. Қарқынды жұмыс, еңбек, білімнің, тәрбиенің арқасында мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға, кокурстарға белсене қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

Жұмыс қорытындысы нәтижесі бойынша мектеп ұжымы мына міндеттерді алға қоя отырып, жұмыстарын жүзеге асыруда:

- Білім беру үрдісін оқу-тәрбие, әдістемелік және ғылыми негізде ұйымдастыру;
- Пәндер бойынша неғұрлым тиімді әдістерін таңдау арқылы сапалы білімге қол жеткізу;
- Бүгінгі күн талабына сай білім беру үрдісін ақпараттандыру;
- Қазіргі қоғамға тән білім беру үрдісін ізгілендіру, дербестендіру және саралау нәтижеге бағытталған білім беру;
- Жас өспірімдердің шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай олардың одан әрі дамуы мен қабілеттерін іске асыруына жағдай жасау;
- Озық ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін сабақ өту процесінде қолдану;
- Ұжымда шығармашылық ахуал тудырып, мұғалімдерді ғылыми – зерттеу іс-әрекетіне баулу;
- Замануи бағытта материалдық – техникалық базаны нығайту;
- Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмысты күшейту, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.

(Бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары қоса берілді).

https://drive.google.com/file/d/15Out_9-hf237mQ771IjljXlFGjAuXYEl/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1f6KJeCRsSBGTlho_QzveDKGQVvqJ0pzF/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1LqmhCNZ6a6tlrAfMX_gpdYsNjMwxru5h/view?usp=drive_link

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды жиынтықта қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің алуан түрлі нысандары ұйымдастырылған.

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесіндегі маңызды буын қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру, білім беру сапасын арттыру және әр түрлі дамушы ортада мектеп оқушыларының тұлғасын қалыптастыру процесін жүзеге асыру мақсатында сабақтан тыс шаралар ұйымдастырылды. Білім алушылардың рухани- адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында сабақтан тыс спорттық үйірмелер ұйымдастырылып отырды. Сабақтан тыс шаралар білім алушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуда, сондай-ақ оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда үлкен көмек көрсетеді және базалық білім берудің тең, бірін - бірі толықтыратын компоненті болып табылады.

Бүгінгі таңда «Тәуелсіз ел тірегі – білімді, өнерлі, саналы ұрпақ» десек педагогтардың алдында тұрған өзекті мәселелер – білім, ғылым, өнерді жеткіншек ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттер мен қазақстандық патриотизм сезімдерін сіңіру. Қосымша білім беру мекемелерінің бірі, мектебімізде "Топар кентінің Балалар өнер мектебі» КМҚК - дан қосымша білім


беру ұйымдастырылады. Сабақтар келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: "Домбыра", "Ән домбыра", "Сольфеджио", "Музыкалық әдебиет", "Жалпы фортепиано", "Вокал".

Сондай-ақ, мектепте сегіз спорттық үйірме жұмыс жасайды: Баскетбол Волейбол, Тоғызқұмалақ, Асық ату, Дойбы, Шахмат, Футбол, Үстел теннисі. Мектеп оқушылары ерекше ынтызарлықпен осы спорттық секциялар мен үйірмеге белсене қатысып, аудан, облыс, республика көлемінде жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

Атап көрсетер болсақ:

2021 - 2024 оқу жылындағы оқушылардың спорттық, сыныптан тыс жарыстардағы жетістіктері

Оқу жылдары	Спорттық және сыныптан тыс жарыстар		
	республикалық	облыстық	аудандық
2021-2022	-	2	8
2022-2023	1	6	15
2023-2024	2	7	18



Бағаланатын кезеңдегі қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген кестесіне сілтеме:

2021-2022 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/11fPWFA-OjhSRfTJWMQ-pmkXvff1-8-WC/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/11kWMII5JKDrQPwUCr6olPjPtmt3z3Aw9/view?usp=drive_link

Білім сапасын арттыру бойынша жұмыстың тағы бір түрі-дарынды балалармен жұмыс. Оқу жылының басында дарынды оқушылармен жұмыс істеудің мектеп жоспары дайындалып, бекітілді. Осы жоспарға сәйкес мектеп психологтары сынып жетекшілерімен бірлесіп мектеп оқушыларының дарындылығына диагностика жүргізді.

Зерттеудің негізінде келесі психодиагностикалық әдістер қолданылды:

- «Қызығушылықтар картасы» (1-4, 5-7 сынып оқушылары үшін);

- Е.А. Климовтың "Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы".

Зерттеудің мақсаты: Оқушылардың дарындылығын дамытудың алғышарттары ретінде қызығушылықтарының жеке саласын, бейімділігін анықтау. Конкурстарға қатысу сұрақтарға жауап берудің белгілі бірдағдыларын қалыптастырады, білім көлемін арттырады және ой-өрісін кеңейтеді.

Дарынды балалармен жұмыс істеудің басты бағыттарының бірі-аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен оқушылар конкурстарына қатысу. Оқушылардың әр түрлі зияткерлік конкурстарға қатысуы олардың шығармашылық қабілеттерін ашу үшін қосымша жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, жауапкершілікті өз мойнына алу қабілетін, шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады, білім көлемін арттырады, ой-өрісін кеңейтеді.

Мектепте талантты оқушылардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған:

- дарынды және қабілетті балаларды диагностикалау және педагогикалық қолдау жүйесі қалыптасты;

- мектептік және қосымша білім берудің оңтайлы құрылымы бар;

- дарынды балаларды қолдауды қамтамасыз ету бойынша білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қызметі үйлестіріледі;

- дарынды оқушылармен жұмыс істейтін педагогтарды әдістемелік даярлау жүзеге асырылады.

Оқушылар түрлі пәндер бойынша қашықтықтан халықаралық олимпиадаларға белсене қатысып, математика, қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, тарих пәндерінен орын алады. Ай сайын "Дарын" РҒПО желісі бойынша өткізілетін олимпиадаларға қатысып отырады.

Жыл сайын мектепте 2-11 сынып оқушыларына арналған, оқушылардың пәндік олимпиадаларға дайындық деңгейін анықтау, жаңа табысты оқушыларды анықтау және қалалық конкурстарға дайындық үшін мектепшілік пәндік олимпиадалар өткізіледі. Оқушыларды мектеп олимпиадасына сапалы дайындау "Дарын" орталығы желісі бойынша болатын олимпиадалар мен конкурстарға қатысушылар мен жүлдегерлер санының өсуіне ықпал етеді.

Үйде оқытудың оқу-жұмыс жоспарларын жасауда «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365

бұйрығы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін (арнайы оқу бағдарламалар бойынша) оқытатын бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылының ІІ жартыжылдығынан 2 «Ә» сынып оқушысы, 2023-2024 оқу жылында (01.09.2023ж. – 31.01.2024ж. аралығында 3 «Ә» сынып) жеке оқу бағдарламасы бойынша бастауыш білім беретін жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында (инклюзия) оқытылды. Диагнозы: Зиятының орташа бұзылуы. Мінез-құлықтың бұзылуы.

2022-2023 оқу жылында оқушы жалпы білім беру бағдарламасы бойынша жеңілдетіліп оқытылды.

2023-2024 оқу жылында "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының оқытуқазақ тілінде жүргізілетін зиятының орташа түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынып, оқу-жұмыс жоспары жасалынды.

2024 жылдың 1 ақпанынан бастап аталған оқушы ата-анасының өтініші және «Абай ауданының аудандық ауруханасы» КМК дәрігерлікконсультациялық кеңестің 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 155 қорытындысы («Орталық жүйке жүйесінің басқа анықталған зақымданулары. F-07.87») бойынша үйде оқытуға ұсыным жасалған. Мектеп директорының 01.02.2024 жылғы № бұйрығы негізінде және "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары басшылыққа алынып оқу-жұмыс жоспары үй жағдайында білім алу ұйымдастырылған. Үй жағдайында білім алушылармен жеке дамыту жұмыстарын педагог-психолог жүзеге асырады.

Бағаланатын кезеңдегі ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сілтеме:

2021-2022 оқу жылы (үйде оқыту)

https://drive.google.com/file/d/1T3H7yXCu6BVSaet2zvTT2fr8TQ-tyZ1a/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1zTq7V5XhJDcjkCPwfaIW6FpO9gvEwz7x/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1jltQXgBygc1yRd8OAbsv99fn9FE4je3Q/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылы (үйде оқыту)

https://drive.google.com/file/d/12IKVjrNKzUEUIQ_pCSZsnUEhoYHZ0Oa3/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1kdK30f0lNdpG9GLg5IPMtOADEQPOIQ6f/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/15kd6ZJf1pcdlcQnGJuV6gQ-MZrm4EErd/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылы (инклюзия)

https://drive.google.com/file/d/1g27I2KVrw06QncETScVN4b1M_LewX8j7/view?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылы (үйде оқыту)

https://drive.google.com/file/d/16DSkUVQgaAoS3ZpnZV_ak9wofHjxmH15/view?usp=drive_link
https://drive.google.com/file/d/1Ic_TZucVi43VWFcy3GQRnsuotMrTm7O/view?usp=drive_link
https://drive.google.com/file/d/1dzkw115mRMolC11mxT6b9pWivNY2LNTf/view?usp=drive_link
https://drive.google.com/file/d/1o9Ke8t1LOKyYToxt3BgKnOb5ams8tEdD/view?usp=drive_link
https://drive.google.com/file/d/14Rc02AiJo7qcLY7X_wVesvzu5gwws7t1/view?usp=drive_link

2023-2024 оқу жылы (инклюзия)

https://drive.google.com/file/d/1TaypWC9jBJblMxIXGIP_W2ssl9Z7DXd/view?usp=drive_link
https://drive.google.com/file/d/1_Ju39LN8ElefZcYfCbZFd96O4ZO63N3/view?usp=drive_link
https://drive.google.com/file/d/1Cw71LAWW7TBil7wkYG_6P9-Fo2Lj7pg4/view?usp=drive_link

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген) осыстандартта көрсетілгендей мектебімізде 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда

6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырып отыр.

5-9 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. 10-11 сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылып отыр. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіліп отырады.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына тоқталатын болсақ, «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде жүргізіледі, электронды сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні толтырылып, қазіргі таңда жоғарыда көрсетілген талаптар орындалып, іске асырылуда.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

Мектепте мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-4 жыл, негізгі орта – 5 жыл, жалпы орта - 2 жыл. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4, 5-9, 10-11 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Каникулдар оқу жылында үш рет- күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін 3 тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақытты беріледі. Каникул нақты мерзімін Қазақстан Республикасын білім саласының уәкілетті органы белгілейді және осы талаптар сақталған.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы іске асырылуда.

Білім алушылардың таным мәселелері мен субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықты оқушылардың бойына дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы 8 бағытты қамти отырып құрылған. Білім ордасында оқушыларды тәрбиелей отырып білім береміз, білім бере отырып тәрбиелейміз. Сондықтан да Бабамыз Бауыржан Момышұлының «Тәрбиесіз берілген білім, адам баласының қас жауы»-деген аталы сөзі тәрбиенің біліммен қатар жүруін айғақтай түсері анық.

5. Оқу-материалдық активтер

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі сақталған.

Мектеп ғимараты үш қабатты кірпішті ғимаратта орналасқан. Жалпы аумағы – 5254,1 м² пайдалы аумағы - 3966,3 м², ғимараттың жобалық қуаттылығы 420 орын, салынған жылы – 1980 жыл, 2018 жылы ағымдағы жөндеу жүргізіліп, ғимараттың шатыры, терезелерді пластикке ауыстыру, жарықтандыру, жылу жүйелері ауыстырылған. 2020 жылы ғимаратқа кіре беріс есік және барлық кабинеттердің есіктері ауыстырылды.

Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтермен қамтамасыз етілген, яғни толығырақ тоқталатын болсақ:

Мектептің бірінші қабатында бастауыш мектептің оқу сыныптары орналасқан. 2 және 3 қабатта негізгі және жоғары сынып кабинеттері орналасқан.

Оқу-тәрбие процесін сапалы өткізу үшін мектепте қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих, география, математика, химия, биология, физика пәндерінің мамандандырылған кабинеттері жұмыс істейді. Сыныптар мектеп кеңістігінің заманауи эстетикалық тартымды көрінісі бар оқу жабдықтарының толық кешенімен және жиһаздармен жабдықталған, тағы басқа. Қосымша әдебиеттерге, көрнекі құралдарға арналған шкафтар, пәндер бойынша ақпараттық стендтер бар. Мұғалімнің жұмыс алаңы, оқу және көрнекі құралдарды орналастыруға арналған қосымша орын кіреді.

Химия, биология, физика зертханаларындағы мұғалімнің демонстрациялық орны жеке мінбемен бөлінген. Мектебіміз үй-жайдың мақсатына қарай сумен, электрмен, көріз жүйесімен жабдықталған.

Ағымдағы білім беру бағдарламаларын табысты жүзеге асыру үшін оқу орнында ақпараттық ортаның болуы, мектепті оқу және көрнекі құралдармен, компьютерлік техникамен, бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақтандыруды қамтитын жеткілікті ресурстық база қалыптасқан.

Мектеп интернетке қосылған. Өнім беруші «Сириус» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Интернет желісіне абоненттік құрылғыны (модем, роутер) ұсына отырып 50 Мбит/с жылдамдықпен қол жеткізу қызметін ұсынады. Интернет арқылы біздің мұғалімдеріміз, оқушыларымыз әртүрлі білім платформаларда жұмыс жасайды. Электронды журнал, ҰБДҚ жүйелері толтырылады.

Білім беру жүйесіндегі ерекшеліктердің бірі – мультимедиялық технологияны қолдану. Мультимедиялық кабинеттің болуы мұғалімге сабақ беруде кең дидактикалық мүмкіндіктер ашады.

Мұғалім бұл кабинетте жұмыс істей отырып, теориялық материалды қосымша жоғары сапалы бейне және аудио фильмдермен, слайд-шоулармен, сонымен қатар бүкіләлемдік желіден онлайн ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар.

Мектепте кабинеттерде 55 компьютер, 40 ноутбук, 10 планшет, интерактивті құрал бар, олар барлық кабинеттерде, бұл оқушыларға құралдардың кең ауқымын (карталар, кестелер, диаграммалар, фотосуреттер) пайдалана отырып ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Мұғалімдер сабақты шығармашылық деңгейде және серпінді ету үшін интерактивті тақтаның басқару элементтерін пайдаланады.

Мектепте лингофон жабдығы бар 2 кабинет бар. Лингофондық зертхананың функционалдығы әрбір оқушының тілдік ортаға енуі арқылы қазақ, орыс және шет тілдерін үйрену сабақтарын өткізуге мүмкіндік береді. Екі технология кабинеті бар, онда оқушылар теориялық біліммен қатар ағаш және металлмен жұмыс істеу, аспазшы, пішу, тігу салалары бойынша жалпы еңбек және практикалық дағдыларды меңгеріп, тәжірибе алады.

Білім беру робототехникасын және үздіксіз ІТ білім беруді дамыту үшін мектепте робототехника кабинеті бар. Бұл кабинеттерде оқушыларға робототехника мен информатика принциптерін оңай және қызықты меңгеруге мүмкіндік беретін техникалық оқыту құралдары бар. Робототехника сыныбында Tetrix3 роботтарының жиынтығы, Lego Minstorms EV3 3 негізгі және 3 базалық жиынтығы бар. Цифрлық сауаттылық пен информатиканың оқубағдарламасына робототехника енгізілген. Сабақта оқушылар әртүрлі роботтарды жинайды. Құрылған роботтарды бағдарламалауға арналған 9 компьютер бар. Сонымен қатар 3D Prusa i2 mk2 принтері бар, оқушылар бұл принтерден әртүрлі фигураларының 3D үлгілерін басып шығарады.

Бірінші қабатта дене шынықтыру сабақтары мен жаттығуларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оқушылардың спорттан барынша күш- жігер алуына және қуанышына кепілдік беретін спорт залы бар. Мектеп спорт залы барлық қажетті жабдықтардың арқасында, яғни, футбол, волейбол, баскетбол, теннис ойнауға лайықталған.

Ұлдар мен қыздардың дене шынықтыру сабағына киім ауыстыратын жеке бөлмелері, нұсқаушы бөлмесі, дәретхана бар.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтерге сілтеме:

<https://krguo.edu.kz/files/blogs/1711284314383.pdf>

<https://krguo.edu.kz/files/blogs/1710501011227.pdf>

Мектеп аумағында спорттық - сауықтыру аймақтары орналасқан, онда оқу жылының жылы мезгілінде дене шынықтыру сабақтары өткізіледі.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін үлкен акт залы бар. Мұнда салтанатты іс-шаралар, концерттер, түрлі конкурстар өткізіледі. Жиналыстар, конференциялар өткізу үшін төралқа трибунасы және үстел, орындықтармен жабдықталған. Мектебімізде кітапхананың жанында «Асыл мұра» мұражайы 2011 жылдан бастап жұмыс жасайды. Мақсаты: оқушыларға ұлттық қолөнер бұйымдарын, ұлы Абайдың шығармаларын насихаттау арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Мектебіміздің қара шаңырағы Ұлы Абай есімімен аталғандықтан мұражайда «Абай бұрышы», «Шебер қолдар» бұрыштары ұйымдастырылған. Бай шығармаларын оқытуда мектеп оқушылары сабақпен шектелмей, мектеп мұражайымен тығыз жұмыс жасайды. «Абайтану» үйірмесіне қатысатын оқушылар тың деректер жинап, мұражайдың дамуына өз үлестерін қосады. Мектеп оқушылары мұражай жоспарына сәйкес мұражайға саяхат жасап отырады.

«Шебер қолдар» бұрышында орналасқан экспонаттар, мектепте оқушылардың қолөнер үйірмесінде қолдан жасалған бұйымдар. Мұнда үйірме жетекшісі Рамазанова А.Ш. шәкірттері жасаған қолданбал қолөнер бұйымдары: кестелі - сурет картиналары, қазақтың оюлы көрпелері, бисермен тігілген суреттер, лента-таспамен тігілген жұмыстар, тоқылған әсем бұйымдар, сувенирлер, ұлттық нақышта жасалған тұрмыстық бұйымдар.

Қарағанды облысы оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2021 жылдың 27 қыркүйегі мен 16 қарашасы аралығында Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының мұражайлары арасында «Мұражайларға виртуалды экскурсиялар» қашықтықтан байқауы өткізілді. Бұл байқауда мектебіміздің мұражайын виртуалды экскурсия жасап, таныстырдық. Басты мақсаты білім беру ұйымдарында мұражай жұмысын жандандыру, мұражай мәдениетін дамыту бойынша педагогикалық бастамаларды қолдау болды.

Мектепте Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы – 82% - ға теңеледі, ол 3 (үш) деген баллға сәйкес келеді.

Мектеп ғимаратында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін, зағиптар мен нашар көретін адамдарға арналған, мүмкіндігі шектеулі адамдарға жағдайлар жасалған. Яғни пандус, көмекке қоңырау шалу түймесі, көмекке қоңырау шалу үшін сымсыз қоңырау, үй – жайға кіру, шығу тактильді пиктограммасы, көру қабілеті бойынша мүгедектерге арналған тактильді жер үсті көрсеткіштері, қорғаныс пленкасы бар Брайль алфавитімен толық түсті тактильді белгішелер ілінген.

Мектепте ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) – 84 % - бен қамтылған, ол 3 (үш) деген баллға сәйкес.

Оқушыларға алғашқы медициналық көмекті дер кезінде көрсету үшін бірінші қабатта екі бөлмеден тұратын медициналық қызметке арналған мемлекеттік лицензиясы № 23028193, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар медициналық кабинет орналасқан. Жалпы ауданы 32 ш.м. бөлме балаларды қарау үшін, рәсімдік кабинеттің ауданы 16 ш. м.

Медициналық пунктте жарақтандыру бойынша: жазу үстелі, күндізгі төсек (кушетка), кеңсе және медициналық шкаф, тоназытқыш, вакциналарды тасымалдауға арналған қорапша, тонометр, үстел шамы, медициналық термометрлер, қайшы, бір рет қолданылатын - 2,0; 5,0; 10,0; 20,0 шприцтер, резеңкелі жылыту төсемі, бүйрек тәрізді науа, бір рет қолданылатын шпательдер, аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар, үлкен және кіші бикс, резеңкелі турникет, мұзға арналған ыдыс, кілемше, сантиметрлік таспа, көру өткірлігін анықтауға арналған кесте, жуып жинауға арналған қаралау түсті халат, бір реттік бетперделер, дезинфекциялық ерітінді үшін контейнерлер. Медициналық құжаттама санитарлық ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтерге сілтеме:

https://drive.google.com/file/d/1XULGHY4nMJyuu82B-mYbtuqSwssooSoLR/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1By5VXfyl32PtUbBGgiuQ5U9xrd_aEbqk/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1CO50zFOSZKUNYQpup3A4isWWbT0gTIPa/view?usp=drive_link

<https://docs.google.com/viewer?url=https://krguo.edu.kz/files/loader/1709187966337.pdf>

https://drive.google.com/file/d/1p7uBrUjnIhAqhdzL8XreQKDtVnve_1ly/view?usp=drive_link

2021 жылғы 16 қарашада Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында оқу орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін көтерді. "Мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болыптабылады. Ол үшін білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік жүйелеріне қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу қажет, - деді Мемлекет басшысы. Білім беру мекемесінің кешенді қауіпсіздігі - бұл білім беру мекемесінің іс- шараларының жиынтығы. Мектептің қауіпсіздігінің объектісі қауіпсіздіктің барлық түрлері болып табылады, соның ішінде: өрт, электр, жарылыс қаупі, тіршілік ету ортасының техникалық жағдайына байланысты қауіп.

Жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру мынадай бағыттарда жүзеге асырылды:

- қызметкерлер мен білім алушылардың денсаулығын қорғау және олардың өмірін сақтау;
- қызметкерлер мен білім алушылардың техникалық қауіпсіздікті сақтауы;
- қызметкерлер мен оқушыларды жеке қауіпсіздікті және айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістеріне оқыту.

Ғимаратты, үй-жайлар мен мүлікті сенімді қорғауды, білім беру мекемесінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қауіпті көріністер мен жағдайларды уақтылы анықтау және болдырмау мақсатында бұйрықтар шығарылып, жауаптылар тағайындалған.

Мектебімізде ғимаратты күзетуді күндіз вахтерлар және түнде күзетшілер жүзеге асырады. Сондай-ақ бірыңғай диспетчерлік қызмет құрылған. Мектеп ғимаратына кіріп-шығу режимі бақыланады. Мектепке кіру алдыңғы есіктер

арқылы жүзеге асырылады. Бөгде адамдардың мектепке кірмеуі мақсатында сыртқы есіктер жабылған.

Білім алушылардың ата-аналары белгіленген уақытта сабақтан кейін мектеп ғимаратына жіберіледі. Вахта қызметкері келуші туралы деректерді тіркеу журналына енгізеді.

Мектеп оқушылары сынып жетекшісінің немесе кезекші әкімшіліктің рұқсатынсыз оқу процесі кезінде ғимараттан шыға алмайды. Бастауыш сынып оқушыларын ата-аналар сабақ соңында мұғалімнің алдын ала шақыруы бойынша алып қайтады.

Мектепке келушілер жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетуден және келу мақсатын түсіндіруден бас тартса, кез келген келушілердің мектепке кіруіне тыйым салынады.

Мектеп оқушыларының қауіпсіздігі үшін мектебіміздің үй – жайларында және іргелес аумақтарында бейнебақылаулар орнатылған. Мектеп бойынша барлығы 40 бейнекамера орнатылған. Ішінде 13 бейнекамера, мектептің периметрі бойынша сыртта 27 камера орнатылған.

Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шартына сілтеме:

https://drive.google.com/file/d/15u-7KA6sTIvbhuTs3HyHQ_5pKgP_ByeJ/view?usp=drive_link

Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге 50 орынға арналған асхана бар. Оқушылардың тамақтануы үшін барлық жағдайлар жасалған. Әр күн сайын бекітілген кестеге сәйкес 1 – 4 сынып оқушылары толықтай ыстық тамақ ішеді. Сатып алуға қосымша буфеттік тамақтар да дайындалады. Мектеп ұстаздары және мектеп әкімшілігі күнделікті асханада кезекшілік атқарады. Мектеп медбикесі әр күн сайын мәзір бойынша дайындалатын тағамның дәмін сапасын көріп, тексеріп, бракераждық журналға жазып отырады. Айына екі рет бекітілген кестеге сай мектеп директорының бұйрығымен бекітілген бракераждық комиссия мүшелері ас блогының санитарлық – гигиеналық жағдайын бақылау мақсатында тексеру жүргізіп, нәтижесі бойынша акт толтырып отырады. Сондай – ақ асханада «Дұрыс тамақтану» бұрышы бар. Тағамның шығуы көрсетілген мәзір күнделікті мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкес келуі, дайын тағамның тәуліктік сынамасы алынып отырылуы, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары, олардың пайдаланылатын тізбесі туралы мәліметтер бар және үнемі бақылауда болады. Мектепте жұмыс жасап отырған асхана санитарлық талаптарға сай. Технологиялық құралдармен, тамақ пісіретін қажетті электр плиталары, тоңазытқыштар, камералар, кесу үстелдері, ыдыс – аяқтармен жадықталған. Асхананың материалдық – техникалық базасы жақсы деңгейде. Қойма бөлмесі, мұздатқыш жұмыс жасап тұр. Арнайы тамақ пісіру, ыдыс жуатын бөлмелері бар. Экологиялық таза ауыз сумен қамтылған. Тамақ дайындауға және оқушылар ішу үшін арнайы су сүзгісі орнатылған, 6 ай сайын сүзгісі жаңартылып отырылады. Сертификатқа сілтеме:

https://drive.google.com/file/d/1Tv9HPf_tdfQFnOTM5yB_Gt4a09Mj5ejB/view?usp=drive_link

Асхананың жұмыс істеуіне қажетті бұйрықтар шығарылып, тамақтану кестесі жасақталған.

Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметке сілтеме:

https://drive.google.com/file/d/1C7Fbq8Tw-o_dAoKqzOIQrOaLUi6Y9gGw/view?usp=drive_link

https://drive.google.com/file/d/1EFssuqwOVruBHE1LZvz-IFcbl29MxEId/view?usp=drive_link

Мектептің abay-abaiatyndagy-tm.edu.kz үшінші деңгейдегі домендік атауы бар. Мектептегі оқу-білім процестерін автоматтандыруға көмектеседі, мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің атқарып жатқан жұмыстарының электронды нұсқасын, қажетті ақпараттарды осы сайттан қарап, көріп, жүкеп алуға мүмкіндік бар. Электрондық жүйеден білім ордасы туралы жалпы ақпарат, яғни мектептің төлқұжаты, мектеп жарғысы, мектептің даму бағдарламасы туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік бар. Біздің команда бөлімінен мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі, әдістемелік бірлестік туралы мағлұматтар жүктелген. Білім беру драйвері бөлімінен жас мамандармен жұмыс, ақпараттандыру бойынша жұмыс, дарынды балалармен жұмыс, тәрбие жұмысы, әдістемелік жұмыстар, мектеп асханасында тамақтану туралы ақпараттар енгізілген. Нормативті – құқықтық актілер жүктелген. Ата – аналар мен оқушыларға арналған ақпараттар бөлімінде мемлекеттік қызмет түрлері, сабақ кестесі, хабарландырулар жазылған. Террорлық актілерге қарсы қарсы ақпараттар енгізілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл түрлері туралы мәліметтерді де жүктеп алуға болады.

Мектепте өрттің алдын алу шаралары ұйымдастырылған. Оқушылар мен қызметкерлердің, өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында профилактикалық іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіледі.

Өрт қауіпсіздігін тексеру нәтижелеріне сілтеме:

https://drive.google.com/file/d/1RBL4qz_0tcPceaPrYALtmt_DazoQy3Er/view?usp=drive_link

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім мен білімді ұрпақ. Қазіргі таңда жан- жақты білім мен тәрбие берер еліміздегі бірден-бір руханият ордасы – кітапхана. Оқушылардың рухани қазына кітапқа деген талап-тілегі мен сұранысын қанағаттандыруды күннен-күнге жақсарта беру– уақыт талабы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше. Бүгінгі шәкірттер – ертеңгі ел тұтқасы. Болашақ мамандардың көзі ашық, көкірегі ояу, заман талабына сай тұлға болып қалыптасуына тигізер әсері мол. Өйткені, тәрбие мен тәлім егізұғым десек, тәрбие мен білім берудің жаңа жолын кітапханадан табамыз.

Кітапхана – оқушылардың сапалы білімінің кепілі. Кітапхана – кітап арқылы жеке адамның жан-жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасын қалыптастырып, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлуметтік орын. Кітап мұхитында бағыт табуға, рухани тәрбие мен патриоттық тәрбиеден өмірлік азық алуға көмектесетін кітапхана мен кітапханашы. Жас ұрпақтың бойында патриоттық, отансүйгіштік, адамгершілік, әділдік, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда кітапхананың маңызы орасан зор.

Кітапхана жайында қысқаша анықтама:

Кітапхана мектептің екінші қабатында 124,9 кв.м көлемді кабинетте орналасқан. 15 орындық оқу залы абонементпен және кітап қоймасымен біріктірілген. Техникалық құралдар: кітапханада оқырман үшін 5 ноутбук 2

принтер, және кітапханашының жұмыс істеуі үшін 1 компьютер бар.

Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры – 11352 дана.

Көркем әдебиет - 3449 дана

Оқулық - 6523 дана

Әдістемелік әдебиет саны - 458 дана

Электронды оқулық - 69 дана

Брошюра қоры - 853 дана

Кітапханадағы негізгі құжаттар:

1. Мектеп кітапханасының қызметін реттейтін, басшылыққа алатын нормативтік құжаттар.

2. Кітапхананың жұмысының жылдық жоспары.

3. Сыныптар бойынша оқулықтарды беруді тіркеу журналы.

4. Кітаптарды есептен шығару актілері.

5. Кітапхананың жұмысы туралы есеп.

6. Көркем әдебиеттер қорын тіркеудің инвентарлық кітабі.

1. Оқу әдістеме қорын тіркеудің инвентарлық кітабі.

2. Электронды оқулықтардың тіркеудің инвентарлық кітабі.

7. Кітапхана жұмысының күнделігі.

8. Оқу әдебиетінің суммарлық есеп кітабі.

9. Оқулықтардың суммарлық есеп кітабі.

10. Оқырмандар жоғалтқан әдебиеттердің және қабылданған әдебиеттерді есепке алу кітабі.

11. Оқырмандар формулярын тіркеу журналы.

12. Оқырмандар формулярын карточкасы.

13. Кітапханаға қабылданған кітаптардың іліспе құжаттары/накладнойлар/

14. Мерзімдік басылымдарды тіркеу карточкасы.

15. Мерзімдік басылымдарға жазылу құжаттары.

16. Жоспарланған контингент және жетіспейтін кітаптарға сұраныстар.

17. Уақытша сақталынатын оқулық қорының есеп дәптері.

18. Регистрациялық карточкалардың есеп журналы.

19. Сыйға тартылған кітаптар есебінің дәптері.

2023-2024 оқу жылына арналған негізгі бақылау көрсеткіштері

Оқырмандар	405
Келу саны	2494
Кітап саны	3464

Кітапхана бірнеше аймақтан тұратын коворкинг орталығына бар.

1. интернет-сектор және сымсыз дәлдік аймағы

2. оқу үшін демалыс аймағы

3. интеллектуалды ойын аймағы

4. жеке жұмыс аймағы

5. конференция аймағы

6. бастауыш мектеп жасына арналған аймақ

Бұл интернет-сектор және кітапхана оқырмандары Wi-Fi аймағында интернетке қосылып пайдалана алады.

Демалыс аймағында оқу үшін бала өзіне ұнайтын кітапты алып, оны ыңғайлы жағдайда оқи алады.

Ал интеллектуалды ойын аймағында достарымен бірге үстел үстіндегі білім беру ойындарын ойнау арқылы уақыттарын қызықты өткізеді.

Оқырмандар жеке жұмыс аймағында журналдар мен газеттерді қарап, кітаптарды оқып, көп ақпарттар алып, соңында бір-бірімен ой бөліседі.

Бұқаралық іс - шараларды, шығармашылық кездесулерді өткізу, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру үшін конференц - аймақ құрылды.

Біз кітапхана оқырмандарын кішкентай кезінен бастап тартуға тырысамыз, сондықтан арнайы балалар жиһазы мен эстетикалық дизайны бар бастауыш мектеп жасына арналған бұрыш жасалды.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің» 4-ші отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында, берілген тапсырмаларды орындау барысында «Оқуға құштар мектеп», жобасын іске асыру жоспары құрылды. Осыған байланысты мектебімізде жоспар бойынша өткізіліп жатқан шаралар, тақырыптық көрмелер мектеп сайтында фото, видео материалдар түрінде (Instagram) салынып отырады.

Мақсаты: Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, жүргізіліп жатқан жұмысты үйлестіру, қадағалау. Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту. Кітапханалардың қорын толықтыру.

Міндеттері:

Мектеп оқушыларының кітап оқу мәдениетін дамытып, оқу құндылығы туралы пікірді қалыптастыру;

Отбасылық кітап оқу дәстүрін қалыптастыра отырып, ауқымды іс-шаралар өткізу;

Ақын – жазушылардың жазған кітаптарын насихаттау арқылы қызығушылықтарын ояту;

Жобаның 4 бағыты:

1. Отандық классикалық ең үздік әдебиеттер.
2. Шетелдік қазақ тілінде аударылған әлем әдебиеттерінің тізімі.
3. Заманауи жазушылар мен ақындардың үздік шығармаларының тізімін енгізу.
4. Түрлі анықтамалар мен ақындардың үздік шығармаларының тізімін енгізу.

Жобаның жүзеге асу жолдарын мына жобалар қамтиды: «Бір отбасы – Бір кітап» акциясы, 5 қыркүйек-Ахмет Байтұрсын күні «Толық адам» Абайдың ілімін насихаттау «Мені таңда да оқы » акциясы, « Қожа Ахмет хәл хикмет ілімі» «Кел балалар оқылық» Кітап оқуды ынталандыру үшін оқушылар арасында байқаулар, кітап көрмелері танымдық сағат, әдеби сағат, шығармаларын оқу, бастауыш сыныптар арасында «Ертегі оқып өсемін»

«Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» «Ана-тілің-арың бұл» « Мен оқыған бір ертегі» «Жаңылтпаш айтқан жалықпас» және «Оқырмандар отбасы», - деген отбасылық кітіп оқу күні өткізілді. Адамдар барлық жинақтаған білімін жас ұрпаққа кітап арқылы жеткізеді. Кітап оқу маңызды емес, оны түсіну маңызды.

Бір кітап оқысаңыз – мың адамды оқытқанмен тең деген екен. Айтылған сөз бір күнге жараса, жазылған сөз мың күнге жарайды деген осы емес пе? Кітапхананың қабырғасында QR-кодтар бейнеленген стенд бекітілген. Оқушыларымыз кітапханаға саяхат жасап, қызықты шығармаларды “ QR-кодтар

арқылы ақпараттар алады. Қазақстандық және шетелдік әдеби кітаптардан тұратын “Кітап оқу” стендті әр жастағы оқырмандарға қосымша ақпаратты ұсынудың тиімді тәсілі ретінде белсенді пайдаланылады. «Оқырмандар отбасы», (фотоакция). Отбасылық тәрбие жауапкершілігінің деңгейі жайында жаңашыл педагог А.С.Макаренко былай деп жазған: «Балаларды тәрбиелей отырып, қазіргі ата-аналар елдің келешек тарихын, демек – әлем тарихын тәрбиелейді». Ата-аналар мен педагогтардың талпыныстарын біріктіру – бала үшін қолайлы жағдайды жасау, отбасы мен мектептің немесе сынып жетекші мен ата-ананың бірлесіп жасаған жұмыс нәтижесі. «Бір отбасы -Бір кітап» жобасы жалғасуда. Мақсаты: Жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғыру. Отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту.

Кітап оқудың 7 пайдасын білген жөн.

1. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.
2. Кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады. Көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады.
3. Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді.
4. Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі.
5. Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.
6. Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.
7. Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады.

Күтілетін нәтиже:

1. Ақпараттық ортада оқуды жалғастыру үшін пайдалы және қажетті әдебиеттерді пайдаланады.
2. Кітап оқу мәдениеті мен оқу құндылықтарын қалыптастырады.
3. Аз оқитын немесе мүлдем оқымайтын оқырмандарды белсенді оқуға үйретеді.
4. Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғырады.
5. Мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілері көркем әдебиетті қызығушылықпен оқиды.
6. Ата-ана, мұғалім, кітапханашы оқу сауаттылығын қалыптастыру және отбасылық оқуды дамыту бойынша бірлесіп жұмыс істейді.
7. Кітаптарға ұқыпты қарайды, оқу сауаттылығы қалыптасады.

2023-2024 оқу жылындағы әдеби кітаптардың оқылуының өсу деңгейі

Педагогика қызметкерлері үшін әдістемелік оқу құралдары да жеткілікті: Осы оқу жылына 101 дана әдеби-көркем оқулықтар келді, оларды мұғалімдер оқушылар қызығып оқиды.

Жылдан жылға қызықты әдеби-көркем кітаптарымызбен оқырмандарымызды қамтамсыз ету саны өсіп келеді. Мұғалімдер мен кітапханашы оқырмандардың кітап оқу мәдениетінің дәрежесін көтеру, әдебиеттерді кеңірек қолдануды насихаттау шараларын тиімді ұйымдастыруда. Әдебиеттерді насихаттау үш тақырыптық кітап көрмелері аясында ұйымдастырылды. Мысалы: «Тәуелсіздік жетістіктері», «Тілім менің тірегім », «

оқырмандардың жас ерекшеліктеріне қарай бүлдіршіндерге арналған «Ертегілер еліне саяхат», 5-8 сынып оқушылары қызығып оқитын «Рәміздерім мақтанышым» атты кітап көрмелері ұйымдастырылды. «Кітапханаға саяхат» кітап сөресі оқырмандарға қызықты әңгімелер және хикаяттар ұсынады. Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдебиеттер «Ертегілер елінде» атты кітап көрмесінде орналасқан. Кітапханамызда «Абай –Қазақ поэзиясының асқар биігі» «Тарихи деректер» «Біз кітап арқылы әлемді ашамыз» «Әдеби кітаптар» «Әлем әдебиеті» «Анықтамалар» атты кітап сөрелері бар. Оқырмандарды жеңістің маңызын түсіндіру арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз елінің тарихына қызығушылығын артыру мақсатында «Отты жылдар жаңғырығы» атты Ауған ардагерлерімен кездесу өтті. Оқырмандарды кітапхана ережесімен таныстыратын: «Кітапхана ережесі» атты көрнекі құрал ілінген. Мерзімді баспасөз басылымдарына арналған газет-журнал картотекасы бар. Оқырмандар қажетті мәліметті тақырыптық тігінділер арқылы іздестіре алады. Оқушылармен өткізілген әңгімелер әр түрлі тақырыптарға арналған:

Қыркүйек айында қазақтың ұлы ағартушысы, ірі лингвист-ғалым, түркітанушы, ақын, аудармашы, әдебиет зерттеушісі – Ахмет Байтұрсынұлына арналған кітап көрмесі жасалды.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын насихаттау мақсатында 1-11 сынып оқушылары үшін "Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын шолу" атты кітап көрмесінде ұсынылған кітаптарға шолу ұйымдастырылып, өткізілді. Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген баға жетпес еңбегі үшін оны қазақтың зиялы қауым көсемі деп атайды.

Қазақтың жазушысы, Кемел Тоқаев туғанына 100 жыл толуына орай библиографиялық шолу ақының шығармаларымен танысып кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мұқағали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таныстыру, ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін жеткізу мақсатында «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың мәнерлеп оқу сағаты ұйымдастырылды. Желтоқсан оқиғасымен таныстыру мақсатында «Желтоқсан жаңғырығы» Желтоқсан оқиғасына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқулықтарды таза ұстауға шақыру мақсатында «Қалың қалай оқулық?» атты кітаптарды бақылау ұйымдастырылады. Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге ұғындыру оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру, ақын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету үшін «Жыр алыбы Жамбыл» атты танымдық сабақ өткізіледі. Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу үшін 1-Наурыз «Алғыс айту» күні «Алғыс білдіру ең асыл сөз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Қош келдің, әз наурыз!», «Абайдың қара сөзі- тәрбие көзі», «Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» Токтар Әубәкіров туралы мәліметтер, 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Қазақстан достық мекені», 7-Отан қорғаушылар күніне орай «Ер жігіт ел қорғаны», 9-Жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жасасын әлемде», І.Жансүгіровтың туғанына 130 жыл ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдіреті мен әндерін таныту, ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға, халқына, тілге деген

сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу мақсатында кітап көрмелері танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мектепте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі 100% болды, ол 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.

7. Білім алушылардың білімін бағалау

9, 11 сыныптарды қорытынды аттестаттау білім алушылардың жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі. Мектеп базасында мектеп бітіру емтихандарын тапсырудың белгіленген кестесі бойынша өткізіледі.

2021-2022 оқу жылында 9-сыныптың 1 оқушысы денсаулығына байланысты алгебра (31.05.2022 ж.) және орыс тілі мен әдебиетінен (03.06.2022ж) емтихан босатқандықтан, қосымша кесте бойынша басқа күні тапсырды. 2022-2023 оқу жылы денсаулық жағдайымен немесе басқа себептер бойынша емтиханнан босатылғандар жоқ және 2023-2024 оқу жылының алдын- ала деректері бойынша ешкім денсаулығына немесе басқа себептер бойынша емтихан тапсырудан босатылмайды. Өткен екі жылда емтихандарда барлығы оң бағалар алды, үлгермегендер және қорытынды емтихандарға келмегендер жоқ.

(Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамасы қоса берілді)

2021-2022 оқу жылы 9-сынып

<https://drive.google.com/file/d/1mZUXxgBnZ4YFmncj7Np3KjCVHwdN1As4/view?usp=sharing>

2021-2022 оқу жылы 11-сынып

https://drive.google.com/file/d/1NhIqStp9N_NEtynAOv2FL0-ADHSJ2wDf/view?usp=sharing

2022-2023 оқу жылы 9-сынып

https://drive.google.com/file/d/1b51AnU45wr02qPb6X0HPvbDmeOwC064i/view?usp=drive_link

2022-2023 оқу жылы 11-сынып

https://drive.google.com/file/d/18cnxE74I_vwIhdQSkDpu52LTwiZCh8TD/view?usp=drive_link

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

"Білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) мектепте критериалды бағалау іске асырылады.

Осы білім алушылардың білімін бағалау критерийлері (бұдан әрі - критерийлер) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы

Заңының 5-бабының 21-3) тармақшасына сәйкес әзірленді, олар меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды айқындайды.

Формативті бағалау - білім алушылардың сабақта, үйде білімін игерудің және дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейін айқындайтын, білім алу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқыту мақсаттарына қол жеткізетінін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау;

Жиынтық бағалау - оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылардың білімін игеру деңгейін және дағдыларының қалыптасқанын айқындайтын бағалау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін қолданылады. Бағалау критерийлері әрбір оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарына сәйкес әзерленеді. Оқу жетістіктерің бағалау формативті және жиынтық бағалау формасында жүзеге асырылады.

Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процессін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда, әлемнің көптеген елдеріндегідей, инклюзивті білім беру білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады, өйткені дамыған халықаралық қоғамдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылған. Біздің елімізде аталмыш ұстанымды қолдайды. Мұны әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің білім беру саласын дамытудағы басты міндет болып есептелетіндігі айғақтай түседі. Инклюзивті білім берудің басты аспектілері болып бірі болып есептелетін инклюзивті саясаттың соңғы жылдары елімізде қарқынды түрде дамып келе жатқандығын байқауымызға болады. Біздің мектебімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы жалпы білім беру бағдарламасы бойынша үйде оқытылады.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

ББ Үлгілік оқу бағдарламаларымен және МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау - бұл білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген білім алушылардың негізгі орта және жалпы орта оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау үшін жүргізілетін рәсім. Өткізу формасы: мектеп бітіру емтихандары.

Абай атындағы тірек мектебі (РО) білім алушыларын қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына өзгерістер мен

толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығына, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындығынан келесі компоненттер шығады:

- ақпараттық дайындық (қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу туралы ақпаратты толық көлемде меңгеру);

- пәндік дайындық (белгілі бір пән бойынша дайындық, әр түрлі қиындық деңгейіндегі тест тапсырмаларын шеше білу);

- психологиялық дайындық (белгілі бір мінез-құлыққа дайындық күйі немесе ішкі көңіл-күйі, мақсатты әрекеттерге бағдарлану, дайындық процесінде және емтихан тапсыру жағдайында сәтті әрекет ету үшін жеке тұлғаның мүмкіндіктерін өзектендіру және бейімдеу). Қорытынды аттестаттау емтихандарының 2 жылдағы хаттамалары қоса беріледі.

Қорытынды аттестаттау нәтижелері 2021-2022 оқу жылы (9-шы сынып)

Сынып	Қазақ тілі (%)		Алгебра (%)		Орыс тілі мен әдебиеті (%)	
	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы
9	100	80,7	100	38,4	100	69,2

Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері 2021-2022 оқу жылы (11-ші сынып)

Сынып	Қазақ тілі (%)		Алгебра және анализ бастамалары (%)		Қазақстан тарихы (%)		Орыс тілі мен әдебиет (%)	
	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы
11	100	94,4	100	44,4	100	61,1	100	72,2

9-сынып деректерін % талдау барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі 100% екенін көрсетті. Қазақ тілі мен әдебиеті -80,7%; Алгебра – 38,4; Орыс тілі мен әдебиеті – 69,2%.

11-сынып деректерін % талдау барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі 100% екенін көрсетті. Қазақ тілі мен әдебиеті – 94,4%; алгебра және анализ

бастамалары – 44,4%; Орыс тілі мен әдебиеті - 72.2%; Қазақстан тарихы – 61,1%.

**Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері
2022-2023 оқу жылы, (9-шы сыныптар)**

Сынып	Қазақ тілі (%)		Алгебра (%)		Орыс тілі мен әдебиеті (%)	
	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы
9 «А»	100	87,5	100	37,5	100	68,7

Сынып	Қазақ тілі %		Алгебра %		Орыс тілі мен әдебиеті пәні %		Шетел тілі, %	
	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа
9 «Ә»	100	72,2	100	44,4	100	77,7	100	100

Тандау пәндері

Сынып	Қазақ әдебиеті %		География %		Информатика		Қазақстан тарихы %		Физика		Биология	
	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа
9 «А», 9 «Ә»	100	57,1	100	100	100	100	100	100	100	100	100	57,1

**Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері
2022-2023 оқу жылы
(11-ші сынып)**

Сыныбы	Қазақ тілі (%)		Алгебра және анализ бастамалары (%)		Орыс тілі мен әдебиеті (%)		Қазақстан тарихы	
	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа
11	100	100	100	47	100	82,3	100	64,7

Таңдау пәндері

Құқық негіздері %		География %		Информатика		Шетел тілі %		Физика		Биология	
Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа
100	100	100	83,3	100	100	100	100	100	100	100	0

9-сынып деректерін % - бен талдау барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі 100% екенін көрсетті. 9 "А" сыныптағы білім сапасы: Қазақ тілі -87.5%; Алгебра – 37,5; Орыс тілі мен әдебиеті - 68,70%.

9 "Ә" сыныбындағы білім сапасы: Қазақ тілі – 72,2%; Алгебра – 44,4; Орыс тілі мен әдебиеті – 77,7%; 9-сыныптардағы таңдау пәндері: биология – 57,1%; шетел тілі, физика, Қазақстан тарихы, информатика, география - 100%, қазақ әдебиеті - 57,10%.

11-сынып деректерін % - бен талдау барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі 100% екенін көрсетті. Қазақ тілі - 100%; Алгебра және анализ бастамалары – 470%; Орыс тілі мен әдебиеті – 82,3%; Қазақстан тарихы–64,7%. Таңдау пәндері: құқық негіздері, информатика, шетел тілі, физика – 100.0%, география – 83,3%, биология - 0% көрсетті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі

№ 700 бұйрығымен бекітілген, білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес, мектепте компьютерлік тестілеу жүргізілді. Тестілеу кезінде бақылаушыретінде Департамент қызметкері қатысып, компьютерлік тестілеудің барлық барысы бейне жазбаға түсірілді.

4 сыныпта тестілеу «Қазақ тілі (оқыту тілі)», «Математика» пәндері бойынша өткізілді.

9 сыныпта тестілеу «Қазақ тілі (оқыту тілі)», «Математика» және таңдау пәндері «География», «Дүние жүзі тарихы» пәндері бойынша өткізілді. Қорытынды: негізгі және орта мектеп курсы үшін қорытынды аттестаттауды талдау негізінде білім алушылар пәндер бойынша мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес пәндер бойынша міндетті базалық минимумды жеткілікті деңгейде игерді деген қорытынды жасауға болады. Барлық емтихандар белгіленген мерзімде, нақты, ұйымдастырылған, бұзушылықсыз өтті. Түлектердің дайындық деңгейі іс жүзінде тұрақты. Оқушылар көп жағдайда жылдық бағаларды растады, бұл білім алушылар мен мұғалімдердің бітіру емтихандарына дайындалуға жауапкершілікпен қарайтынын көрсетеді.

Білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік білім стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқушылардың дайындық деңгейінің сәйкестігін анықтау мақсатында өткізілген 4, 9-сынып оқушыларын компьютерлік тестілеу нәтижелері :

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	«5» баға алған саны	«4» баға алған саны	«3» баға алған саны	«2» баға алған саны	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4	30	29	1	7	19	2	17,3	93,1
2	9	49	45	0	10	32	3	34,3	93,3
		79	74	1	17	51	5	25,8	93,2

4, 9-сыныптарда үш оқушының денсаулық жағдайына, бір оқушы ауа райының қолайсыздығына байланысты дәлелді себептермен компьютерлік тестілеуге қатысқан жоқ, бұл оқушылар денсаулық сақтау ұйымының құжатымен және ата-ана өтінішімен расталды.

Құжаттарды (өтініштерді) талдау келесі нәтижені көрсетті:

- 4-сынып оқушыларының тестілеуден өткен барлық пәндер бойынша білімін бақылауға жататын оқушылар тізімінің 96,6%-ы қатысқан оң жауаптарының үлесі 93,1%-ды құрайды, бұл рұқсат етілген нормаға сәйкес келеді, яғни. 40% жоғары;
- 9-сынып оқушыларының тестілеуден өткен барлық пәндер бойынша білімін бақылауға жататын оқушылар тізімінің 91,8%-ы қатысқан оң жауаптарының үлесі 93,3%-ды құрайды, бұл рұқсат етілген нормаға сәйкес келеді, яғни. 40% жоғары.

Тестілеу нәтижелері бойынша тест сұрақтарына дұрыс жауап берген 4 және 9 сынып оқушыларының дайындық деңгейін бағалау «өте жақсы» деп бағаланады.

4,9-сынып оқушыларының білім, білік және дағды сапасын бағалау нәтижесі, оның ішінде әдістемелік ұсынымдарға 13-қосымшаға сілтеме:

<https://krguo.edu.kz/files/blogs/1710239998330.pdf>

Мектепте оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) бойынша, компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі– 93,2% -ға теңеледі, ол 5 (бес) деген баллға сәйкес келеді.

Белгісіз техникалық себептер бойынша 2021 – 2022 оқу жылында "Bilimal" электрондық журналында "Қорытынды аттестаттау" нәтижесінің тізімінде 9 сыныпта орыс тілі мен әдебиеті пәні (II топ) - тізімде жоқ, емтиханға баға жоқ.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.

Респонденттер	Барлығы тізім бойынша	Сауалнамаға қатысты	Қатысушылар %	Сауалнама нәтижесі		
				Барлық сұрақтар	Оң жауаптар саны	Оң жауаптар үлесі%
Педагогтар	24	24	100%	15	339	94,1%
Білім алушылар	79	77	97,4%	15	1047	90,6%
Ата-аналар (заңды өкілдер)	79	79	100%	17	1230	93,9%

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижесіне тоқталатын болсақ, білім алушылардың сауалнамасының нәтижесі бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі 90,6 % - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.

Педагогтердің сауалнама нәтижесіне тоқталатын болсақ, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанарлық жауабы - 94, 1% - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.

Ата – аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижесінің қорытындысы білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанатындығы - 93,9 % - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллдық нәтижеге жетті.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары

1. Зейнеткерлік жастағы санаттары бар мұғалімдердің зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты, олардың орнына ешқандай еңбек өтілі жоқ, санаты жоқ жас мұғалімдердің келуіне қарай, санатсыз мұғалімдердің санының өсуі байқалады.

2. Әр жас маманға тәжірибелі мұғалімдер қатарынан тәлімгерлер тағайындалған. Дөңгелек үстелдер өткізу арқылы жас мамандардың әдістемелік деңгейін арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Педагогикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша әдістемелік семинарлар, жас мұғалімдер мектебінің отырыстары өткізіліп жатыр. Жас мамандар үшін одан әрі жемісті жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, 20 – 40 жас аралығындағы педагогтердің үлесі 50% -ды құрағандықтан, олардың бала күтімі бойынша декреттік демалысқа шығуы салдарынан уақытша жаңа педагогтер қабылданып, пән мұғалімдерінің жиі ауысуы орын алуда, бұл жағдай білім сапасына да әсерін тигізері сөзсіз. Білім сапасының төмендеуінің себебі негізінен оқушылардың

қашықтықтан оқыту кезінде оқуға деген қызығушылығының төмендеуімен түсіндіріледі. Осы кезеңде оларға оқу іс - әрекеттерін ұйымдастыру, қосымша әдебиеттер мен интернетті қолдана отырып, материалды өз бетінше зерттеу қиынға соқты. Осыған байланысты осы мәселені шешудің мынадай жолдары белгіленді: мектепшілік бақылау жоспарына білімдегі олқылықтарды жою жөніндегі шаралар енгізілді.

3. Аудандық және облыстық білім беру ұйымдарына тарату және енгізу үшін өз авторлық бағдарламалары мен құралдарын құру және дамыту бойынша педагогтердің жұмысын жандандыру, кәсіби шеберлік конкурстарына белсенді қатысу талап етіледі.

4. Педагогтар арасында біліктілікті арттыру қажеттілігі туралы, педагогтерді міндетті және мерзімінен бұрын аттестаттаудан өту туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Біліктілік тестілеуін және педагогтардың жетістіктері портфолиосын тапсыруға мақсатты дайындықты жалғастырыңыз.

5. Перспективалық жоспарлауға сәйкес педагогтердің курстық қайта даярлаудан уақтылы өтуін жалғастыруға міндетті.

6. Бос орындар туралы пәндерді оқыту бойынша ақпаратты орналастыру Enbek.kz бос жұмыс орнына жұмысты жалғастыру(, орыс тілі, қазақ тілінде оқытатын химия және музыка, сондай-ақ мектеп сайтында бос лауазымдарға конкурстық рәсімдерді өткізу туралы).

7. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің пәндік олимпиадаларына, конкурстарға, зерттеу жобаларына дайындық бойынша оқушылар мен мұғалімдердің жұмысына бақылауды күшейту.

7. Оқушылар мен тәрбиеленушілерді әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға даярлаудың жаңа моделін жасау. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға қатысуға үздіксіз дайындау.

10. Қорытынды

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы мектептің барлық бағыттардағы қызметін көрсететін құрылымға сәйкес жасалады. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссиясы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне терең талдау жүргізді. Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізгеннен кейін мектеп комиссиясы келесі қорытындылар жасады:

1. Мектебіміздегі педагогикалық ұжымының жұмысы оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру жолдарын іздеуге бағытталған. Әдістемелік жұмыс салыстырмалы түрде үздіксіз, тұрақты, күнделікті процесс.

2. Мектебіміздің оқушылары мемлекеттің білім беру стандартын талаптарға сай орындайды. Пәндер бойынша білім сапасын оқу жоспарына сай талдау барысында әр тоқсан бойынша оқушылардың білім динамикасының өсуін тұрақты түрде көруге болады, бірақ одан да үлкен көрсеткіш үшін мектеп бітіруші түлектермен қосымша қарқынды жұмысты талап етеді.

3. Оқу - тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру мекемелерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеруге арналған сағат саны мектептің ЕББ сәйкес келеді және толық көлемде орындалды.

5. Сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және ата-аналар комитетінің төрағасымен келісіледі.

6. Педагогикалық ұжым тұрақты, білікті. Курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспары бар және іске асырылуда. Педагогикалық 105 шеберлікті арттыру бойынша әдістемелік жұмыс жүргізілуде. Ұжымда жақсы психологиялық климат бар.

7. Мектепшілік бақылаумен оқу-тәрбие процесінің барлық тараптары қамтылған. 6. Оқыту сапасын уақтылы түзету мақсатында білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасы бақыланады және талданады

8 .Дарынды балалармен жұмыс жақсы нәтиже береді. Аудандық, облыстық олимпиадаларға, конкурстарға белсенді қатысулары нәтижелілікті байқатты.

9. Мектептің тәрбие жұмысы бәсекеге қабілетті, қазіргі әлемде бейімделген тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Білім алушыларға шығармашылық, спорттық, зияткерлік бағытқа қатысуды таңдау үшін жағдайлар жасалған, білім алушылардың 80%-дан астамы қосымша білім беру шеңберінде мектептің сабақтан тыс қызметінде жұмыспен қамтылған (секциялар, әскери-патриоттық клуб). Техникалық бағыттағы үйірме жұмысын және тәжірибелік-конструкторлық қызметті ұйымдастыру:

10. Кітаптар мен оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету 100 % құрайды.

11. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалған. Осылайша, мектептің өзін-өзі аттестаттау нәтижелері ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС жалпы талаптарына сәйкестігін растайды.

12. Аттестаттау материалдарын зерделеу барысында аттестация педагогикалық шеберлікті арттыруға қуатты ынталандыру, жоспарлы түрде, жүйелілік принциптерін жүзеге асыруға негізделі отырып, үздіксіз шығармашылықты бақылау және ынталандыру болып табылады. Барлық құжаттама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсанындағы № 533 бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлерді аттестациялау ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы Нормативтік - құқықтық базаға сәйкес келеді, бұл оқу – тәрбие процесін тиімді, нәтижелі жүзеге асыруға, зерттеу жұмысының педагогикалық шығармашылығын дамытумен айналысуға мүмкіндік береді.

Мұғалімдердің біліктілігі мен шеберлігін арттыруға Педагог-зерттеушілердің өткізген, іс – тәжірибе алмасқан жұмыстарының нәтижесінде басқа мұғалімдердің білім – білік дағдыларының, педагогикалық шеберліктерінің артуына септігін тигізеді.

Сонымен қорытындылай келе, барлық жүргізілген жұмыстың нәтижесін шығара отырып, өзін – өзі бағалаудың қорытындысын «үлгілі» деп бағалаймыз.

Бағалау парағы
 Қарағанды облысы білім басқармасының
 Абай ауданы білім бөлімінің
 «Абай атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
 (білім беру ұйымының атауы)

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	88,6%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	92,6%	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің <u>бастауыш білім беру деңгейіндегі</u> педагогтердің жалпы санынан үлесі	66,6%	5

5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	37,5%	3
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтар мен және жиһазбен жарақтандырылуы	82%	3
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу)	84%	3
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100%	5

9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100%	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	4 сынып - 93,1% 9 сынып - 93,3%	5
11	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	90,6%	5
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	94,1%	5
13	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	93,9%	5
Қорытынды	Өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды балл		55 «үлгілі»

Комиссия төрағасы, директор



[Signature] М.А.Қолдасбай

[Signature] С.Р.Тауекелова

[Signature] А.О. Увалиева

[Signature] А.К. Абеуова

[Signature] Б.А.Касмедина

[Signature] Г.К.. Шахатова

[Signature] А.С. Ербаева

[Signature] А.Б.Жүсіп

Комиссия хатшысы